

## Қызметтер көрсету шартын жасасу туралы ЖАРИЯ ОФЕРТА

Осы Жария оферта іс-әрекетке қабілетті жеке және (немесе) заңды тұлғаларға (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) арналған және «PUSH EVC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Орындаушы) Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Д.Ж.Алсауиров атынан осы Жария офертада және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шарттарда және тәртіппен Тапсырыс берушімен қызметтер көрсету шартын жасасуға және қызметтер көрсетудің барлық елеулі шарттары мен тәртібін қамтуға міндетті ресми ұсынысы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - ҚР АҚ) 395-396-бабына сәйкес, осы құжат жария оферта болып табылады және төменде баяндалған шарттарды қабылдаған жағдайда жеке тұлға немесе заңды тұлға PUSH 24.kz Мобильдік қосымшасында және/немесе Сервисте тіркеуді жүзеге асыру арқылы осы Оферта акцептін жүргізеді, осы Офертаның (бұдан әрі - Шарт) 2-бөлімінде толығырақ көрсетілген.

ҚР АҚ 397-бабының 2-тармағына сәйкес осы Оферта акцепті төменде жазылған Шарттың ажырамас бөліктерінде Шарттың жасалуына және Шарттың барлық ажырамас бөліктерін қоса алғанда, Шарттың Тарапы Шарттың мәтінімен тиісті түрде таныстырылғанын және олардың мазмұнын дұрыс түсінгенін растауға тең оның мазмұнын толық, өзгеріссіз, шығарып тастаусыз және алып қоюсыз қабылдайды.

Орындаушы кез келген уақытта өз қалауы бойынша Шарттың талаптарын өзгертуге немесе оны қайтарып алуға құқылы. Орындаушы Шарттың талаптарын өзгерткен жағдайда, егер Орындаушы осындай орналастыру кезінде өзгеше мерзім көрсетпесе, өзгерістер офертаның өзгертілген талаптарын <https://www.push24.kz> сайтында және PUSH24.kz Мобильді қосымшасында және/немесе Сервисте орналастырған сәттен бастап күшіне енеді.

### ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Оферта шартында келесі терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

**Абонемент** – белгілі бір мерзім ішінде Электромобиль зарядының қызметтерін бірнеше рет немесе тұрақты пайдалану құқығы.

**Автомобиль/Электромобиль** – толық салмағы 3,5 тоннаға дейінгі жеңіл автомобиль, оның ішінде электр қозғалтқышымен жабдықталған көлік құралы.

**Акцепт** – осы Шарттың 2-бөлімінде көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру арқылы Тапсырыс берушінің Офертаны толық және сөзсіз қабылдауы.

**Теңгерім** – бұл Қызметтер, Тауарлар, Жазылымдар, Абонементтер және Мобильдік қосымшада сатып алуға болатын өзге де төлемдер төленетін Жеке кабинеттегі (Аккаунттағы) шот. Теңгерімнің 1 бірлігі 1 теңгеге баламалы.

**Шарт** - Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 33-тарауында белгіленген тәртіппен осы Оферта шартында көзделген шарттарда Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған келісім.

**Жолдар** - Қызмет көрсету аумақтарында орналасқан, жайластырылған немесе бейімделген және көлік құралдарының қозғалысы үшін пайдаланылатын жер жолақтары немесе жасанды құрылыстың үстіңгі беті. Жолдар бір немесе бірнеше жүріс бөліктерін, сондай-ақ, трамвай жолдарын, жаяужолдарды, жол жиектерін және бар болған кезде бөлу жолақтарын қамтиды.

**ЖКО** - жол-көлік оқиғасы.

**Тапсырыс беруші** - Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік азамат, азаматтығы жоқ тұлға, қазақстандық және шетелдік заңды тұлға, жеке кәсіпкер, олардың Орындаушыға қызметтерді алу мақсатында жүгінетін өкілі.

**Орындаушы** – «PUSH EVC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Байланыс орталығы** - Тапсырыс берушілерге Қазақстан Республикасының аумағында операторлардың ұялы телефондарынан 2470 қысқа телефон нөмірі бойынша жүгінген жағдайда Қызмет көрсетуді ұйымдастыратын, тәулік бойы және жыл бойы жұмыс істейтін Орындаушы қызметі.

**Жеке кабинет (Аккаунт)** - Тапсырыс берушінің Дербес деректерін, оның логині мен паролін, сондай-ақ, Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін қажетті өзге де ақпаратты қамтитын Сервис және/немесе Мобильдік қосымшаның деректер базасындағы Тапсырыс берушінің есептік жазбасы.

**Мобильдік қосымша (PUSH24.kz)** — Қызметтерді көрсетуге және Тауарларды сатып алуға арналған функционал жиынтығы болып табылатын iOS және Android платформаларындағы Орындаушының мобильдік қосымшасы.

**Тараптар** - Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 33-тарауында және осы Шартта көзделген негіздер бойынша осы Оферта шартын жасасқан Орындаушы, Тапсырыс беруші.

**Қызмет көрсету** - Орындаушының және/немесе Серіктестердің Шарт, сондай-ақ, Жазылу шеңберінде Қызметтер көрсетуі, Қызмет көрсету қатаң Автомобиль Жолда болған кезде жүзеге асырылады.

**Әріптестер** - осы Шарттың және олармен Орындаушы жасасатын шарттардың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушілерге Қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Орындаушының әріптестік желісінің ұйымдары. Осы Шартты орындау кезінде Әріптестердің іс-әрекеті үшін Орындаушы жауапты болады.

**Жазылым** - Сервис және/немесе Мобильді қосымша арқылы Жазылымның қолданылу мерзімі ішінде осы Шартта айқындалған көлемде және шарттарда үшінші тұлғаларды тарта отырып, Тапсырыс берушінің Автомобиліне қатысты көрсетілетін қызметтерді шектеулі уақыт аралығында ұсыну жөніндегі бағдарлама.

**Промокод** - белгілердің белгілі бір дәйектілігі, ол белсендірілген және Промокодты пайдаланудың өзге де шарттары сақталған жағдайда Тапсырыс берушіге Жеңілдік беріледі немесе Жеке кабинеттің Балансы толықтырылады немесе Жазылым ресімделеді.

**ҚР** - Қазақстан Республикасының аумағы.

**Сервис** - [www.push24.kz](http://www.push24.kz) мекенжайында орналасқан, Қызметтерге тапсырыс беруге арналған Орындаушының веб-платформасы.

**Жазылымның қолданылу мерзімі** - Қызмет көрсету басталған күннен бастап Тапсырыс берушінің қалауы бойынша күнтізбелік 12 (он екі) /24 (жиырма төрт) /36 (отыз алты) /48 (қырық сегіз) /60 (алпыс) ай ішінде Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтер көрсетеді. Жазылымның қолданылуы осы нақты Тапсырыс беруші үшін Жазылымның қолданылуының соңғы күні 23 сағат 59 минутта аяқталады.

**СО** - сервистік орталық.

**Қызмет көрсету аумағы** – осы Шарттың 9.12-тармағында аталған Қазақстан Республикасы қалаларының аумақтары және Жазылым түріне байланысты қашықтықтағы аумақтар.

**Жазылым түрі** - осы Оферта шартының №1 қосымшасында келтірілген Жазылым түрлерінің бірі.

**Қызметтер** - Орындаушы мен Орындаушының серіктестері Тапсырыс берушілерге осы Шартта айқындалған көлемде және шарттарда көрсететін қызметтер.

**Эвакуатор** - Орындаушыға немесе Орындаушының әріптесіне тиесілі, техникалық және конструкциялық жағынан осы мамандандырылған автокөлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қолданыстағы заңнаманың талаптарында белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара тиеу немесе сүйрету арқылы басқа көлік құралдарын тиеуге, түсіруге және тасымалдауға арналған мамандандырылған автокөлік құралы. Осы Шарттың мақсатында эвакуаторларға техникалық көлік құралдары теңестірілуі мүмкін.

**Электрозарядная станция (ЭЗС)** — Тапсырыс берушінің электромобилін зарядтау қызметтерін көрсету жүзеге асырылатын электромобильге арналған зарядтау станциясы. ЭЗС тізбесі PUSH24.kz мобильді қосымшасында көрсетіледі.

## **1. ЗАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Шартқа сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша оған қызметтер көрсетуге (белгілі бір іс-әрекеттер жасауға) міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарында осы қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта жазылған шарттарды (акцепті) қабылдаған жағдайда, толық әрекет қабілеттілігі бар кез келген жеке тұлға, сондай-ақ, Оферта акцептін жүргізе отырып, Шарт жасасуға құқығы бар заңды тұлғаның кез келген уәкілетті өкілі Тапсырыс беруші болады және Қызмет көрсету шарты осы Жария оферта шарттарында жасалған болып есептеледі.

1.3. Акцепт 2.1.1-тармақта көрсетілген іс-әрекеттер жасалған сәттен бастап қабылданған болып есептеледі және Тапсырыс берушінің өз іс-әрекетінің мәнін түсінетінін, Шарттың барлық шарттары оған түсінікті екенін куәландырады. Осы Офертаның акцептін жүргізетін Тапсырыс беруші осы Офертаны тұтастай және ескертпесіз қабылдайды.

1.4. Осы Шарт бойынша тараптардың құқықтық қатынастарын қозғайтын ҚР Заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда, олар заңды күшіне енген сәттен бастап жаңадан қабылданған нормативтік актілерге сәйкес келтірілуі тиіс. Осы Шартта айтылмаған шарттар ҚР заңнамасымен реттеледі.

1.5. Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен келісе отырып, Тапсырыс берушіге Қызметтер көрсетудің нақты мүмкіндігін ұсыну жөніндегі міндеттеме тиісті Серіктеске жүктелуі мүмкін екенін түсінеді және қабылдайды.

1.6. Тараптар осы Шарт бойынша Тапсырыс беруші онда жазылған шарттарға қандай да бір ерекшеліктер мен ескертулерсіз қосылатынын мойындайды.

1.7. Орындаушы Тапсырыс берушілерді алдын ала хабардар етпей осы Шартқа өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгерістер Сервисте және/немесе Мобильдік қосымшада жарияланғаннан кейін күшіне енеді және Тапсырыс берушінің Сервисте және/немесе Мобильдік қосымшада жарияланғаннан кейін жасалған кез келген әрекетіне қолданылады. Егер Тапсырыс беруші енгізілген өзгерістермен келіспесе, онда ол Орындаушының қызметтерін алуды тоқтатуға міндетті.

1.8. Қызметтердің, Жазылымның құны Сервисте және/немесе Мобильдік қосымшада және/немесе Орындаушының өзге де құжаттарында көрсетіледі.

1.9. Тапсырыс беруші PUSH24.kz Мобильдік қосымшада және/немесе Сервисте төлеуге болатын барлық қызметтерге ақы төлеу үшін PUSH24.kz Мобильдік қосымшасындағы аккаунттың теңгеріміндегі бірліктерді пайдалануға құқылы.

## **2. ОФЕРТА АКЦЕПТІ**

2.1. Осы Офертаның шарттарына сәйкес Тапсырыс берушінің келесі іс-қимылдар жасауы Акцепт болып есептеледі:

2.1.1. GooglePlay және AppStore электрондық дүкендерінде орналасқан PUSH24.kz Тапсырыс берушіні тіркеу.

## **3. ҚЫЗМЕТТІ САТЫП АЛУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

3.1. Қызмет үшін есеп айырысу PUSH24.kz және/немесе Сервисте көрсетілген құны бойынша жүргізіледі. Тапсырыс беруші PUSH24.kz және/немесе Сервисте қызметтерге ақы төлеу кезінде, сатып алынатын қызметтердің құнымен келіседі.

3.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің PUSH24.kz akkaунтындағы теңгерімде сатып алынатын қызметке ақы төлеуді жүзеге асыру немесе PUSH24.kz немесе Сервисте ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жеткілікті сомасы болған кезде Тапсырыс берушіге қызметтер көрсетеді.

3.3. Тапсырыс беруші алынған қызмет үшін ақшалай қаражатты есептен шығаруға және осы Шарт бойынша өзге де төлемдерді PUSH24.kz akkaунтынан акцептсіз тәртіппен жүзеге асыруға сөзсіз келісім береді.

3.4. Тапсырыс беруші төлемді жасаудың құпиялылығы мен қауіпсіздігін сақтау, шифрлау және деректерді жабық байланыс арналары арқылы беру қағидаттарын банктік карта арқылы Интернет желісін пайдалана отырып, электрондық нысанда төлемді жүзеге асыру арқылы PUSH24.kz қосымшасының akkaунтындағы теңгерімді толықтыруды жүзеге асырады. Тапсырыс берушінің банк картасының деректерін енгізу және өңдеу төлем қызметін ұсынатын серіктес банктің қорғалған төлем бетінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу екінші деңгейдегі банктердің мобильдік қосымшалары арқылы да мүмкін болады.

3.5. PUSH24.kz akkaунтындағы теңгерімді толықтырудың әрбір табысты операциясынан кейін фискалдық чек қалыптастырылады және Тапсырыс беруші PUSH24.kz қосымшада көрсеткен электрондық поштаға жіберіледі.

3.6. Егер шектелмеген тұлғалар тобының назарына жеткізілген преysкурантта өзгеше белгіленбесе, осы Шартта көзделген тәртіппен Жазылымға қосылған кезде Тапсырыс беруші төлеген сома, осы Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда Тапсырыс беруші мен Орындаушы, Тапсырыс берушімен ресімделетін құжаттарда немесе Сервисте/Мобильдік қосымшада көрсетілген Жазылымның ұсынылған құнына теңестіріледі және өзіне сыйақыны, Орындаушының барлық шығыстары мен шығындарын қосады.

3.7. Орындаушы жарғылық қызмет шеңберінде жүзеге асыратын өзге де қызметтер мен іс-шаралардың құнын және оларды көрсету тәртібін Орындаушының сайтында орналастырылатын преysкурант түрінде Орындаушы белгілейді. Орындаушы преysкурантты Тапсырыс берушіні қосымша хабардар етпей, оны сайтқа орналастыра отырып, біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

3.8. Тапсырыс беруші қызметтерді тапсырған/жұмыстарды орындаған жағдайда, Жауапкершілік аймағының аумағынан тыс анықтамалық-кеңесшілік қызметтерді қоспағанда, сондай-ақ, осы Оферта шартының 1-қосымшасына сәйкес тізбеге кірмейтін қосымша қызметтер немесе қызметтердің қосымша саны, Жазылымды толтыру шеңберінде қызметтерді орындауды қамтамасыз ету үшін қосымша жұмыстар жүргізу қажет болған кезде, Тапсырыс беруші Орындаушыға қызметті алу үшін жүгінген сәтте қолданыста болған преysкурантты негізге ала отырып, Орындаушының қызметіне ақы төлейді.

3.9. Осы Оферта шарты бойынша барлық есеп айырысулар теңгемен жүргізіледі.

## **4. ЭЛЕКТР ЗАРЯДТАУ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

### **4.1. ЭЛЕКТРОМОБИЛЬГЕ ЗАРЯДТАУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ**

4.1.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге PUSH24.kz мобильді қосымшасында қолжетімді ЭЗС электромобильді зарядтау қызметтерін ұсынуға міндеттенеді.

4.1.2. Қызметті алу үшін Тапсырыс берушіге келесіні жасауға қажет:

4.1.2.1. PUSH24.kz орналастыруға;

4.1.2.2. PUSH24.kz тіркелуге;

4.1.2.3. PUSH24.kz мобильдік қосымшада қолжетімді ЭЗС таңдау. Тапсырыс беруші электромобильді зарядтау қызметін ала алатын ЭЗС тізбесі PUSH24.kz көрсетілген.

4.1.2.4. тиісті ЭЗС-да зарядтау қызметін алу жөніндегі PUSH24.kz нұсқаулықтарын ұстануға.

4.1.3. Егер зарядтау қызметін алудан бас тарту келесі себептерден туындаса, Орындаушы Тапсырыс берушінің алдында жауапты болмайды:

— Тапсырыс берушінің осы Оферта шарттарын сақтамауы;

— PUSH24.kz жұмысы кезіндегі вирустар;

— байланыс арналарын үзу және магистральдық байланыс арналары, деректер алмасу орталықтары, есептеу орталықтары, сондай-ақ, өңірлік және жергілікті маңызы бар байланыс желілері деңгейінде серверлік инфрақұрылымның істен шығуы;

— ЭЗС-да қызметті алу сәтінде бағдарламалық қамтамасыз ету немесе ЭЗС-ның өзінің жабдығы жұмысқа қабілетсіз болуы;

— ғаламдық Интернет желісінің немесе оның жекелеген сегменттерінің жұмысындағы іркілістер мен қиындықтар, мекенжай беру жүйелерінің (DNS) жұмысының бұзылуы және т.б.;

— электрондық бағдарламалық және/немесе аппараттық құралдардың немесе олардың комбинацияларының көмегімен жүзеге асырылған Тараптардың кез келгеніне зиян келтіру мақсаты ретінде үшінші тұлғалардың рұқсатсыз іс-қимылдары, оның ішінде байланыс арналарын бұзу немесе жүктеу, серверлік инфрақұрылымның жұмыс қабілеттілігі, бағдарламалық кешендерді басқаруға рұқсатсыз қол жеткізу және құпия ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі ниетті іс-қимылдар (бұзулар, DDOS шабуылдары, зиянды бағдарламалық кодты тарату, бағдарламалық-аппараттық құралдарды істен шығару және т.б.);

- Орындаушының кінәсінен емес ЭЗС-на физикалық қолжетімділіктің болмауы.

4.1.4. Тапсырыс беруші ЭЗС-ғы зарядтау сессиясы аяқталғаннан кейін ЭЗС-ның техникалық ерекшеліктеріне байланысты зарядтау кабелінің (немесе ЭЗС-ғы жабу қақпағының) ілмегі ашылатынын түсінеді және келіседі және кез келген үшінші тұлға электромобильден электр кабелін ала алады. Тапсырыс беруші электромобильден және/немесе ЭЗС-нан кабельді өшіру/ажырату үшін зарядтаудың шамамен аяқталу уақытын түсінуі тиіс. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы тармақтың ережесін сақтамауы салдарынан туындаған ықтимал қолайсыз салдарлар үшін жауапты болмайды.

## **4.2. ЭЛЕКТР ЗАРЯДТАУ СТАНЦИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ.**

4.2.1. Балалар мен жасөспірімдерге жарақат алмас үшін ЭЗС-на жақындауға қатаң тыйым салынады.

4.2.2. Электромобильдерді зарядтау үшін арнайы бөлінген орындарға қойыңыз және электромобильдің зарядтау кабелін оңай қосу үшін дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.

4.2.3. Басқа зарядтау орындарына баруға бөгет жасамаңыз және электромобильдерді пайдаланбайтын жүргізушілерге қолайсыздық тудырмаңыз.

4.2.4. Тапсырыс берушінің және үшінші тұлғалардың мүлкіне залал, жарақат немесе денсаулығына зиян келтіруге жол бермеу үшін ЭЗС тек қана тұтас электромобильді зарядтауда пайдаланыңыз.

4.2.5. Қосар алдында электр қуатымен байланысты қауіптің жоқтығына көз жеткізіңіз. Зарядтау порты мен шанышқының зақымдану белгілерін тексеріп, ЭЗС жанында су немесе басқа сұйықтық жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ұшқындардың, зақымданулардың, бұзылулардың және т.б. болмауына ЭЗС сыртқы көзбен шолып қарауды жүргізіңіз. Бұзылу, зақымдану, ылғал және т.б. болған жағдайда электромобильді зарядтамаңыз және бұл туралы 2470 нөміріне хабарлаңыз.

4.2.6. Кез келген уақытта штаттан тыс жағдайда (өрт, түтін, қалыпты емес шу, су ағыны және т.б.) ЭЗС апаттық тоқтатудың қызыл түймесін басыңыз және зарядтау станциясынан дереу алшақтаңыз. Содан кейін бұл туралы 2470 нөмірі бойынша қолдау қызметіне хабарлаңыз.

4.2.7. Электромобильді зарядтау жөніндегі электромобиль өндірушісінің нұсқаулығын сақтаңыз. Өндірушінің нұсқаулығында зарядтау құрылғысын қосу, электромобильді зарядтау үшін қанша уақыт қажет және электромобильді қаншалықты жиі зарядтау туралы нұсқаулықтар бар.

4.2.8. Автомобиль өндірушінің ұсынымдарына сәйкес электромобильге техникалық (сервистік) қызмет көрсетуді орындау және одан өту. Электромобиль және ол үшін пайдаланылатын зарядтау кәбілінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және халықаралық техникалық стандарттарға сәйкес келуіне кепілдік беру.

4.2.9. Зарядтаудың барысын бақылау маңызды. Бұл кез келген әлеуетті мәселелерді болдырмауға көмектеседі және кез келген техникалық мәселелерді тез шешуге мүмкіндік береді.

4.2.10. Уақтылығы: электромобиль толық зарядтауға жеткеннен кейін зарядтау тапаншасын өшіру/ажырату керек және оны қайтадан ЭЗС ұясына бекіту қажет.

4.2.11. Тапсырыс берушінің зарядтау станциялары желісіндегі ЭЗС конструкциясының кез келген бұзылуы немесе зақымдануы, ЭЗС және PUSH24. kz дұрыс жұмыс істемеуі, Тапсырыс беруші ұшырасатын немесе қызметтерді алу кезінде оған белгілі болатын өзге де мәселелер туралы дереу (бірінші мүмкіндік болған кезде) 2470 нөмірі бойынша Операторға хабарлауға қажет.

4.2.12. ЭЗС тұтастығын бұзуға, ЭЗС-ның ішіне кіруге, электромобильдерді қоспағанда, кез-келген электр жабдықтарын ЭЗС-на қосуға, электромобильдерді зарядтау үшін ЭЗС-ның тікелей тағайындауында көзделмеген басқа әрекеттерді жасауға қатаң тыйым салынады.

4.2.13. Қызметті алу аяқталғаннан кейін зарядтау тапаншасын өшіру/ажырату және оны қайтадан ЭЗС ұясына бекіту және басқа Тапсырыс берушілердің электромобильдерін зарядтау үшін орын босату.

4.2.14. Сұрақтар туындаған жағдайда Орындаушыға 2470 телефон нөмірі бойынша жүгіну қажет.

## **5. «ЖАЗЫЛЫМ» ҚЫЗМЕТІ**

5.1. Жазылымның құны және Жазылымның қолданылу мерзімі Сервисте/Мобильді қосымшада және (немесе) Орындаушының өзге құжаттарында көрсетіледі.

5.2. Жазылымға қолжетімділік Тапсырыс беруші Сервиске, Мобильді қосымшаға Жазылымның құнын төлеген сәттен бастап толық көлемде Жазылымның қолданылу мерзіміне немесе Орындаушының төлемдерді есепке алу жүйесінде төлеу фактісі көрсетілген жағдайда берілген болып есептеледі.

5.3. Тапсырыс беруші пен Орындаушы арасындағы Шарт ҚР аумағында әрекет етеді (Жазылымның түріне байланысты); эвакуация немесе техникалық көмек қызметтері осы Оферта шартының 9.12-тармағында атап айтылған қалаларда, сондай-ақ, қарулы қақтығыстардың, соғыстардың, төтенше жағдайлардың аумақтарын қоспағанда, Жазылым түріне байланыста қашықтықта көрсетіледі.

5.4. Жазылымға қосылған кезде Тапсырыс беруші Сервис және/немесе мобильді қосымша арқылы жазылымға қосылу және жария офертаға қосылу туралы электрондық өтінішке қол қоюға міндетті.

5.5. Тапсырыс берушінің Автомобильдің есептік деректерін (VIN-нөмірін) хабарламауы, сол сияқты Тапсырыс берушінің кінәсінен олардың дұрыс хабарламауы Орындаушының жұмыстарды орындауынан және осы Оферта шартында көзделген басымдықтарды беруден бас тартуына әкеп соғады.

5.6. Тараптар Орындаушының қызметтері Орындаушыда сақталатын есептік деректерде көрсетілген Автомобильге ғана көрсетіледі деп уағдаласты. Автомобиль ауысқан жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы осындай өзгеріс болған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Орындаушыға хабарлауға міндетті. Орындаушының осы Автомобильмен қызмет көрсету міндеті есептік деректер өзгерген сәттен бастап 72 сағаттан кейін ғана туындайды. Осындай өзгерістерге Оферта шартының қолданылу мерзімі ішінде бір реттен артық жол берілмейді.

5.7. Тараптар осы Оферта шартына сәйкес Қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау объектісі болып табылмайтын Автомобильдерді есептік деректерде көрсеткен Тапсырыс берушілердің осы Автомобильдерді шұғыл техникалық көмек және эвакуациялау шеңберінде қызметтер мен жұмыстарды пайдалануға құқығы жоқ деп уағдаласты. Орындаушы осындай Автомобильдерге қатысты көрсетілген қызметтерді көрсетуге, көрсетілген жұмыстарды Тапсырыс берушінің есебінен техникалық мүмкіндік болған кезде орындауға құқылы.

#### 5.8. Тапсырыс беруші құқылы:

- Осы Оферта шартының шеңберінде қызмет көрсетілетін Автомобильді, оның есептік деректерін Орындаушы базасына қосымша төлемсіз енгізе отырып, бір рет өзгертуге. Орындаушы базасына өзгертілген Автомобиль туралы деректерді енгізу рәсімін Тапсырыс беруші өзінің аты-жөнін, телефонының байланыс нөмірін, email, VIN нөмірін және Автомобильдің тіркеу нөмірін, автомобильдің орналасқан қаласын хабарлай отырып, *Байланыс орталығы* арқылы немесе *Сервис/Мобильді қосымша арқылы* жүзеге асырады. Өзгертілген Автомобильге қатысты қызметтерді Орындаушы немесе Әріптестер Тапсырыс беруші Орындаушының деректер базасындағы есептік деректерді өзгерткен сәттен бастап 72 сағаттан кейін көрсетуі мүмкін.
- Орындаушының қызметтеріне тапсырыс беруге, сатып алуға және пайдалануға, анықтамалық-кеңесшілік ақпарат алуға.
- Орындаушының қызметкерлері және/немесе Әріптестері көрсеткен жұмыстардың, анықтамалық-кеңесшілік ақпараттың барлық кемшіліктері туралы Орындаушыға хабарлауға.
- Осы Шарттың 8.3-тармағын ескере отырып, осы Оферта шарты бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты Орындаушы нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Оферта шартын орындаудан бас тартуға құқылы

#### 5.9. Тапсырыс беруші міндетті:

- Оферта шартының 6.2-тармағының ережелерін ескере отырып, Орындаушының және Орындаушы ұсынған анықтамалық-кеңесшілік ақпаратқа, олардың жемістері мен нәтижелеріне жеке тапсырыс беруге, сатып алуға және пайдалануға.
- Осы Оферта шартының 6.2-тармағында көзделген тәртіппен қызмет көрсету кезінде Орындаушыға және/немесе Әріптеске хабарланатын есептік ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге.
- Қызметке және/немесе жұмысқа тапсырыс беру кезінде Орындаушыға және/немесе Әріптеске тапсырыс берілетін қызметтердің немесе жұмыстардың сипаттамалары туралы, сондай-ақ, оларды алудың қажетті орны туралы толық және дұрыс ақпаратты хабарлауға.
- Осы Оферта шартында көзделген жұмыстарды орындау және/немесе қызметтерді көрсету алдында Орындаушы және/немесе Әріптес өкіліне жеке басын куәландыратын құжатты, Автомобильді тіркеу туралы куәлікті, осы Автомобильді иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге.
- Орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлемі мен сапасын уақтылы тексеруге және осы Оферта шартында көзделген тәртіппен орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдауға.
- Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін Орындаушының және/немесе Әріптестің өкілдері ресімдейтін барлық құжаттарға қол қою. Жұмыс аяқталғаннан кейін ресімделетін құжаттардағы деректермен келіспеген немесе қызметтердің сапасына қанағаттанбаған кезде, бұл туралы дереу Орындаушыға хабарлауға, Байланыс орталығы арқылы және/немесе ресімделетін құжаттарда өз қарсылықтарын жазбаша баяндауға.
- Орындаушы өкілдері, сондай-ақ, Әріптестер көрсететін қызметтерге қатысты берген барлық ұсынымдарды орындауға.
- Орындаушыға Автомобильдің есептік деректеріндегі барлық өзгерістер туралы есептік деректер өзгерген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға. Тапсырыс беруші бұл міндетті белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, есептік деректер дұрыс деп есептеледі және Орындаушы көрсетілген есептік деректердің нақты ақпаратқа сәйкес келмеуінің салдары үшін жауап бермейді.
- Есепке алу ақпаратында көрсетілген Автомобильді жарамды күйде ұстауға, Автомобильге зиян келтіруді болдырмау мақсатында сақтық шараларын қабылдауға.
- Осы Оферта шарттың талаптарын орындауға.

#### 5.10. Орындаушы құқылы:

- Жазылымның шарттарында көзделген қызметтерді өз күшімен де, Әріптестердің күшімен де және олардың есебінен де орындауға.

- Тапсырыс беруші берген ақпаратты, сондай-ақ, Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарын орындауын тексеруге.
  - Тапсырыс берушінің зақымдалған автомобилін қарауға және тексеруге.
  - Осы Оферта Шартына 1-қосымшаның 7 және 8-тармақтарына сәйкес Орындаушының Тапсырыс берушіне Қызметтер көрсетуден және жұмыстарды орындаудан бас тартуға.
  - Тапсырыс беруші осы Оферта шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Оферта шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға.
  - Орындаушының Тапсырыс берушіне қызмет көрсетуден, анықтамалық-кеңесшілік ақпарат беруден келесі жағдайларда толық немесе ішінара бас тартуға:
    - Жазылымға қосылу кезінде Тапсырыс беруші хабарлаған Автомобильдің есептік деректерінің (VIN-нөмірі және тіркеу нөмірі) Орындаушының қызметтеріне тапсырыс беру, сатып алу және/немесе алу кезінде, Тапсырыс беруші хабарлаған және/немесе ұсынған тиісті есептік деректерге сәйкес келмеуі, сол сияқты қызметтерге тапсырыс беру кезінде, Орындаушыға осындай қызметтердің қажетті сипаттамалары туралы немесе қызметтерді алу көлемі, орны және уақыты туралы Орындаушыға және/немесе Әріптеске ұсынылған ақпараттың шындығына сәйкес келмеуі.
    - Осы Оферта шартының 4.1-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Жазылымға қосылған кезде хабарлаған/Тапсырыс беруші өзгерткен есептік деректерде көрсетілгеннен гөрі, Тапсырыс берушінің және/немесе Тапсырыс берушінің атынан және/немесе Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша өзге автомобильге қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді орындау (өзге де тану тіркеу белгілерімен, сәйкестендіру нөмірлерімен және сол сияқты біліктілік белгілерімен) Тапсырыс берушінің және/немесе үшінші тұлғаның тапсырыс беруі.
    - Тапсырыс берушінің осы Оферта шартының талаптарын бұзуы.
    - Егер тапсырыс беру немесе қызметтерді сатып алу қажеттілігі Тапсырыс берушінің құқыққа қарсы мүдделерінен туындаса, сондай-ақ, оларды орындау Орындаушының қолданыстағы заңнаманың талаптарын, қоғамда қабылданған адамгершілік пен мораль нормаларын бұзу қажеттілігіне тікелей және/немесе іс жүзінде байланысты болған жағдайларда.
    - Егер Тапсырыс беруші Қызметті алу кезінде немесе оны көрсету кезінде Орындаушы өкілін және/немесе Серіктесті балағаттап, әдепсіз сөздер айтса, әдепсіз сөздерді пайдаланса.
- 5.11. Орындаушы міндетті:**
- Тапсырыс берушіге Орындаушының сайтында және (немесе) Сервисте/Мобильді қосымшада орналастыру жолымен осы Оферта шартын жасасу алдында онымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге.
  - Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына, қолданыстағы заңнамаға және әдеттегі іскерлік айналым жағдайында, осындай қызметтерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін көлемде, тәртіппен және сапада қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге.
  - Осы Оферта шартында және қолданыстағы заңнамада көзделген негізде және тәртіппен өзге де қызметтерді көрсетуге.
  - Қандай да бір жағдайларда Орындаушыға жүгіну үшін ұсынуға қажетті құжаттардың тізбесін Тапсырыс берушіге хабарлауға.
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші туралы мәліметтерді жария етпеуге. Орындаушы Тапсырыс беруші туралы мәліметтерді өзінің Әріптестеріне осы Оферта шартында көзделген шарттарда, көлемде және тәртіппен хабарлау құқығын өзіне қалдырады.
  - Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жасауға.
  - Тараптардың өзара келісіміне қол жеткізген кезде немесе соттың шешімі бойынша Тапсырыс берушіге осы Оферта шарты бойынша қызметтерді орындау кезінде, Тапсырыс берушімен Жазылымға қосқан Автомобильге келтірілген залал сомасын өтеуге.

## **6. БІРЖОЛҒЫ ҚЫЗМЕТТЕР**

6.1. Тапсырыс беруші біржолғы қызметтерге тапсырыс берген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға қызмет көрсетуге өтініш берген сәтте қолданыстағы прејскурантты негізге ала отырып, Орындаушыға қызметтерге ақы төлейді.

6.2. Тапсырыс берушінің Орындаушының Сервисі, Мобильдік қосымша және/немесе Байланыс орталығы арқылы біржолғы қызметке тапсырыс беру мүмкіндігі бар.

6.3. Біржолғы қызметтердің тізбесі және олардың құны Орындаушының Сервисінде және/немесе Мобильдік қосымшасында көрсетілген.

## **7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

7.1. Орындаушы техникалық қателер/бағдарламалық қамтамасыз ету немесе жабдық істен шыққан жағдайда қызмет көрсетудегі үзілістер үшін жауапты болмайды.

7.2. Тапсырыс беруші осы Шарттың 4-бөлімінде көрсетілген ЭЗС пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасын сақтауға міндеттенеді..

7.3. Тапсырыс беруші электромобильдің өртенуі және/немесе аккумуляторлық батареяға және/немесе электромобильдің кез келген электрондық немесе физикалық компонентіне және/немесе оның бағдарламалық қамтамасыз етуіне қызмет алу кезінде зиян келтірілгені және бұл ретте, кез келген адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген залал және/немесе залал электромобильдің зауыттық ақауының себебі болып табылатыны керісінше дәлелденгенге дейін танылады.

7.4. Тапсырыс беруші Орындаушының мүлкіне, бағдарламалық қамтамасыз етуіне және беделіне, сондай-ақ, қызмет көрсету орнына зиян келтірмеуге міндеттенеді.

7.5. Тапсырыс беруші ЭЗС-ын осы Шартқа сәйкес электромобильді зарядтау үшін ғана Тапсырыс беруші мен үшінші тұлғаларға мүлікке залал, жарақат немесе зиян келтіруге жол бермеу үшін пайдалануға міндеттенеді.

7.6. Егер Тапсырыс берушінің қызметті алу кезіндегі іс-әрекеттері Орындаушыға айыппұл санкцияларын салуға әкеп соқса немесе Орындаушының залалдарының туындауына әкеп соқса, онда олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші тарапынан өтелуге жатады.

7.7. Орындаушы қызмет көрсету кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілікті қоса алғанда, Тапсырыс берушінің және үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян және/немесе залал келтіргені үшін жауапты болмайды.

7.8. Ешбір жағдайда Орындаушы жіберіп алған пайда үшін Тапсырыс берушінің алдында жауапты болмайды.

7.9. Тапсырыс беруші Қызметтерді алу кезінде жөнделмеген электромобилін пайдалану нәтижесінде туындаған барлық зақымданулар үшін толық көлемде жауапты болуға міндеттенеді.

7.10. Тапсырыс беруші осы Шарттың нұсқаулықтарын құрметтеуге және орындауға, қажет болған жағдайда, ЭЗС желісін пайдалану кезінде Орындаушымен байланыс мақсатында Push24.kz көрсетілген телефон арқылы қолжетімді болуға міндеттенеді.

7.11. Ешбір жағдайда Орындаушы да, оның өкілдері де Тапсырыс беруші алдында, кез келген үшінші тұлғалар алдында кез келген жанама, кездейсоқ, байқаусызда келтірілген зиян үшін, соның ішінде жоғалған пайда немесе жоғалған деректер, Сервисті/Мобильді қосымшаны, Сервистің/Мобильді қосымшаның мазмұнын пайдалануға байланысты туындаған ар-намысқа, қадір-қасиетке немесе іскерлік беделге келтірілген зиян үшін, Тапсырыс беруші немесе өзге тұлғалар Сервистің көмегімен қол жеткізген өзге де материалдар, Сервис әкімшілігі/Мобильді қосымша тарапынан осындай жағымсыз салдарлардың болуы туралы ескерту болмаған жағдайда да жауапты болмайды.

7.12. Тапсырыс берушіге Сервистің/Мобильдік қосымшаның құқық иесі болып табылатын Орындаушыға Тапсырыс берушінің Сервисте/Мобильдік қосымшада сілтемелер болуы мүмкін сыртқы ресурстарға баруы және пайдалануы кезінде туындауы мүмкін теріс салдарлар үшін жауап бермейтіні туралы ескертілд.

7.13. Тапсырыс беруші Орындаушы Сервисте/Мобильді қосымшада орналастырылатын кез келген ақпаратқа, авторлық құқықтарды тіркеуге және сервисте/мобильді қосымшада орналастырылған ақпарат немесе сыртқы ресурстарға сілтемелерді пайдалана отырып кірген осындай тіркеу туралы мәліметтерге, сыртқы ресурстар немесе Тапсырыс берушінің өзі кірген

өзге де байланыстары арқылы қолжетімді немесе алынған қызметтерге байланысты кез келген ықтимал немесе туындаған залалдарға байланысты Тапсырыс беруші алдында жауап бермейтіндігімен келіседі.

7.14. Орындаушы Тапсырыс берушінің бағдарламалық-техникалық құралдарындағы Сервис/Мобильді қосымшаның жұмысындағы іркілістер, Тапсырыс берушінің бағдарламалық-техникалық құралдарының ақаулықтары үшін жауапты болмайды.

7.15. Тараптар Оферта шартында көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер осындай орындамауы нақты уақыт кезеңінің нақты жағдайларында еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, оның ішінде төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлардың іс-қимылдарының салдары болып табылған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына, оның ішінде, бірақ мұнымен ғана шектелмей: зілзала, су тасқыны, найзағай соққысы, көшкін, температура, желдің күші және қалыпты тіршілік әрекетін болдырмайтын жауын-шашын деңгейі, билік пен басқару органдарының мораторийі сияқты дүлей сипаттағы құбылыстар, ереуілдер және өзге де осындай жағдайлар жатады.

7.16. Форс-мажорлық жағдайлардың ықпалына түскен Тарап осындай жағдайлардың басталғаны туралы өзіне белгілі болған кезден бастап ақылға қонымды мерзімде бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.

## **8. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ**

8.1. Орындаушының Тапсырыс берушіге қатысты қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі міндеттері Қызмет көрсету басталған күннен бастап туындайды.

8.2. Нақты Тапсырыс берушіге қатысты Оферта шартының қолданылуы ол қосылған Жазылымның қолданылу мерзімінің соңғы күнінің 23 сағат 59 минутында аяқталады. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай мерзімде Тапсырыс беруші тарапынан Шарт бойынша жазбаша қарсылықтар болмаған кезде, осы Шарттың 1-қосымшасында көзделген қызметтер Орындаушы тиісінше көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі. Оферта шарты бойынша Тараптардың міндеттемелері Оферта шартының қолданылуы аяқталған сәттен бастап тоқтатылады.

8.3. Кез келген Тараптың Оферта шартын мерзімінен бұрын тоқтатуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделеді.

8.3.1. Тапсырыс берушінің осы Оферта шартынан бас тартуы кез келген уақытта мүмкін. Орындаушы Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шартты бұзуды Тараптардың Шартты бұзу туралы келісімді ресімдемей, Сервис және (немесе) Мобильді қосымша арқылы берілген Тапсырыс берушінің жазбаша өтініші немесе электрондық өтініші негізінде жүзеге асырады. Тапсырыс берушінің өтінішті Орындаушыға берген күні бұзу күні болып есептеледі (егер жазбаша өтініш поштамен жіберілген болса, онда Орындаушының оны қабылдаған күні беру күні болып есептеледі).

8.3.2. Осы Шарттың 3.3.1-тармағына сәйкес 14 күндік (он төрт күндік) мерзім өткеннен кейін Тапсырыс берушінің өтініші бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған (бұзылған) кезде, Орындаушы осы Шартты жасасу кезінде Орындаушының Тапсырыс берушіі төлеген соманың Жазылымның қолданылу мерзімі өтпегенге барабар бөлігін Орындаушының әкімшілендіру, жасасу және қызмет көрсету жөніндегі шығыстарын шегере отырып, Тапсырыс беруші Жазылымға сәйкес ұсынылатын қызметтердің ешқайсысын пайдаланбаған жағдайда, осы Тапсырыс берушіге Жазылым құнының 30% мөлшерін қайтарады.

Есептеу формуласы:

**a - 30% -  $(a/b \cdot c)$ , мұндағы:**

**a - Жазылым құны,**

**30% - Орындаушының әкімшілендіру, жасасу және қызмет көрсету жөніндегі шығыстары,**

**b - жазылу мерзімі күндерде,**

**c - жазылымды іске қосқан сәттен бастап өтінішті алғанға дейінгі пайдаланылған күндер саны.**

8.4. Оферта шартының қолданылу кезеңінде Тараптармен осы Оферта шартын жасасу кезінде туындаған мән-жайлардың елеулі өзгеруі орын алса, бұл мән-жайлар соншалықты

өзгерген болса, егер мұндай өзгерістерді алдын ала болжауға болатын болса, осы Шарт бойынша келісілген шарттардан айтарлықтай ерекшеленетін шарттармен жасалған немесе жасалмаған болса, Тараптар Оферта шартын Тараптармен мерзімінен бұрын немесе сот шешімі бойынша бұзылуы мүмкін деп уағдаласты.

8.5. Тараптар Орындаушы Тапсырыс берушінің тарапынан қызметті үш рет теріс пайдаланған жағдайда, сондай-ақ, Тапсырыс берушінің осындай теріс пайдалануды жасауға үш рет талпынысы кезінде, Орындаушы Тапсырыс берушімен жасалған Оферта шартын бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы деп уағдаласты.

8.6. Тараптар Тапсырыс берушінің келесі іс-әрекеттерін Тапсырыс беруші тарапынан Орындаушының қызметтерін теріс пайдалану деп есептеуге уағдаласты:

- Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушіге берілген және жазбаларда тіркелген Орындаушының ауызша ұсынымдарын осы Оферта шартында көзделген шарттарда және тәртіппен үш рет орындамауы.

- Осы Оферта шартында көзделмеген жағдайларда көлік құралын тасымалдау жөніндегі қызметтерге немесе шұғыл техникалық көмекке тапсырыс.

- Осы Оферта шартында көзделген шарттарда және тәртіппен Орындаушының жұмыстарды орындауы, қызметтер көрсетуі қажеттілігін көрсеткен кезде техникалық көмек жөніндегі қызметтерге қасақана тапсырыс беруі, сол сияқты Орындаушыны қасақана алдауы.

- Тапсырыс берушінің Орындаушының жұмыстарды осы Оферта шартында белгіленгеннен өзгеше тәртіппен орындауға бағытталған кез келген қасақана іс-әрекеттері.

## **9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

9.1. Шарт Тапсырыс беруші оның шарттарын акцепт жасаған сәттен бастап және Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін күшіне енеді.

9.2. Тапсырыс беруші «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес электромобильді зарядтау қызметтерін көрсету шартын жасаса, жасалған шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында құжаттардағы дербес деректерді және Орындаушыға берілетін өзге де ақпаратты өңдеуге, сақтауға және өзге де пайдалануға келісім береді.

9.3. Орындаушы кез келген уақытта осы Оферта мәтініне өзгерістер енгізуге, жаңа Оферта орналастыруға, Оферта қолданысын тоқтата тұруға, Офертаны қайтарып алуға құқылы. Өзгерістер Сайтта және PUSH24.kz мобильді қосымшасында орналастырылғаннан кейін жарамды болады. Тапсырыс беруші Офертаға өзгерістер/толықтырулар енгізуді дербес қадағалауға міндеттенеді.

9.4. Тапсырыс берушінің осы Офертаға кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін қызметті алу жөніндегі іс-қимылдарды жасауы Тапсырыс берушінің осындай өзгерістермен/толықтырулармен сөзсіз келісімін растау болып табылады.

9.5. Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Егер келіссөздер нәтижеге әкелмесе, онда Қызметтерге наразылығы бар Тапсырыс беруші info@push24.kz электрондық поштасына немесе Орындаушының орналасқан жеріне наразылық хатын жіберуі тиіс. Орындаушы осындай хатты алған сәттен бастап, күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушінің наразылық хатына жауап береді. Келісімге қол жеткізілмеген кезде, тараптар арасындағы дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Орындаушының орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі. Сот талқылауының тілі ретінде орыс тілі болады.

9.6. Тараптар осы Шарттың шеңберінде жазбаша жасалған, электрондық, телефон және өзге де байланыс құралдары арқылы жіберілген және/немесе алынған, сондай-ақ, Сервис/Мобильді қосымша арқылы берілген ескертулер, хабарламалар, өтініштер және Тараптар арасындағы өзге де мүмкін болатын хат алмасулар тең дәрежеде тиісті деп танылады деп уағдаласты. Қысқа мәтіндік хабарламалар (SMS-хабарламалар) қызметтерін пайдалану кезінде оларды осындай хабарламаларды қабылдауға/беруге арналған құрылғыларға беру кезінде бұл ереже Орындаушы тарапынан жіберілген хабарламалар үшін ғана қолданылады. Орындаушы осы Оферта шартында көзделген шарттарда және тәртіппен Жазылымға қосылған кезде, Тапсырыс беруші хабарлаған ақпаратты өз мақсаттары үшін ақылға қонымды және адал пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

9.7. Орындаушы нақты жеке тұлғалармен байланысты болуы мүмкін Тапсырыс беруші ұсынатын Ақпаратты (бұдан әрі - «Дербес деректер») жинауға, пайдалануға, беруге, сақтауға немесе өзгеше түрде өңдеуге (бұдан әрі - «Бірлесіп өңдеуге») құқылы. Орындаушы Дербес деректерді қолданыстағы заңнамаға және кәсіби нормаларға сәйкес өңдеуге құқылы. Орындаушы әрбір Дербес Деректерді Өңдеуші Әріптестерден Орындаушы атынан көрсетілген талаптардың сақталуын талап етеді.

9.8. Тапсырыс беруші сенімді дербес деректерді Мобильдік қосымшада немесе Сервисте ұсынуға міндеттенеді.

9.9. Орындаушы дербес деректерді қорғауға байланысты ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген талаптарды орындауға міндеттенеді. Орындаушы дербес деректердің сақталуын қамтамасыз етеді және уәкілетті емес тұлғалардың дербес деректеріне қол жеткізуді болдырмайтын, оларды қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

9.10. Сервис және/немесе Мобильдік қосымшаны пайдалана отырып, Тапсырыс беруші келесі мекенжайы бойынша орналасқан Дербес деректерді жинау және өңдеу жөніндегі саясатпен танысқанын және онымен келісетінін растайды: <https://push24.kz>. Көрсетілген құжатпен келісім толық және сөзсіз болып табылады.

9.11. Шарт орыс және қазақ тілдерінде жасалды. Шарттың орыс немесе қазақ тілдеріндегі мәтіні арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басымдыққа ие болады.

9.12. Осы Шартпен реттелмеген немесе толық реттелмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Осы Оферта шарты шеңберінде эвакуациялау немесе техникалық көмек көрсету қызметінің қолданылу аймағы жазылым түріне қарай төменде және қашықтықта көрсетілген Қазақстан Республикасы қалаларының аумағында ұсынылады:

| Қаланың атауы | Облысы              |
|---------------|---------------------|
| Алматы        |                     |
| Астана        |                     |
| Шымкент       |                     |
| Ақтөбе        | Ақтөбе              |
| Қарағанды     | Қарағанды           |
| Тараз         | Жамбыл              |
| Өскемен       | Шығыс Қазақстан     |
| Павлодар      | Павлодар            |
| Атырау        | Атырау              |
| Семей         | Абай                |
| Қызылорда     | Қызылорда           |
| Ақтау         | Маңғыстау           |
| Қостанай      | Қостанай            |
| Орал          | Батыс Қазақстан     |
| Петропавл     | Солтүстік Қазақстан |
| Түркістан     | Түркістан           |
| Көкшетау      | Ақмола              |
| Теміртау      | Қарағанды           |
| Талдықорған   | Жетісу              |
| Екібастұз     | Павлодар            |
| Жезқазған     | Ұлытау              |
| Балқаш        | Қарағанды           |
| Құлсары       | Атырау              |
| Сарыағаш      | Түркістан           |
| Қонаев        | Алматы              |
| Риддер        | Шығыс Қазақстан     |
| Аягөз         | Абай                |
| Есік          | Алматы              |
| Жітіқара      | Қостанай            |

**Орындаушының деректемелері:**

«PUSH EVC» ЖШС

БСН: 231040039837

ЖСК: KZ12601A861023988851

КБе: 17

Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БСК: HSBKKZKX

Заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Н. Назарбаев даңғ., 250 үй, 5 кеңсе

Ресми сайт [www.push24.kz](http://www.push24.kz)

**Қызметтер көрсету шартын жасасу туралы  
Жария Офертыға 1-Қосымша**

**ЖАЗЫЛЫМ ТҮРІ БОЙЫНША ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ**

**1. Жазылым түріне сәйкес Қызметтерді толтыру:**

| Қызмет/Оқиға                                                             | ЖАЗЫЛЫМ ТҮРІ |               |              |              |            |                 |           |
|--------------------------------------------------------------------------|--------------|---------------|--------------|--------------|------------|-----------------|-----------|
|                                                                          | PUSH BASIC   | PUSH STANDARD | PUSH SERVICE | Авто Адвокат | PUSH CARE+ | PUSH SMART CARE | PUSH ONE  |
| Мультидрайв                                                              | ✓            | ✓             | ✓            | ✓            | ✓          | ✓               | ✓         |
| ЖКО кезінде автокөлікті эвакуациялау (3,5 тоннаға дейін)                 | ✓            | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Ақау кезінде автокөлікті эвакуациялау (3,5 тоннаға дейін)                | ✓            | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Дөңгелектерді ауыстыру                                                   | ✓            | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Дөңгелектерді айдау                                                      | ✓            | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Телефон арқылы техникалық кеңес беру                                     | ✓            | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Телефон арқылы заңгердің кеңес беруі                                     | ✓            | ✓             | ✓            | ✓            | ✓          | ✓               | ✓         |
| Акумуляторы ажыратылған кезде қозғалтқышты іске қосу                     | ✓            | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Отын жеткізу                                                             | ✓            | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Өлген батареяны 5 кВт-қа дейінгі айнымалы токпен зарядтаңыз (Алматы қ.)  |              | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Анықтамалық-ақпараттық қолдау                                            |              |               |              |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| ЖКО кезінде автоны жолға қайтару                                         |              |               |              |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Автокөлікті / жүк салғышты ашу                                           |              | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Автокөлікті эвакуациялау кезіндегі трансфер (max. 7000 тг. немесе 50 км) |              |               | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Компьютерлік диагностика                                                 |              |               |              |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Құлыптарды қыздыру                                                       |              |               |              |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Автоны қыздыру                                                           |              |               |              |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Техникалық сұйықтықтарды тасымалдау                                      |              | ✓             | ✓            |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| Автокөлікті қардан тазарту                                               |              |               |              |              |            | 1 рет           | 2 рет     |
| Дабылды өшіру                                                            |              |               |              |              | ✓          | ✓               | ✓         |
| PUSH ЭТС зарядтауға арналған арнайы тариф                                | 60 тг/кВт    | 60 тг/кВт     | 60 тг/кВт    | 60 тг/кВт    | 60 тг/кВт  | 55 тг/кВт       | 50 тг/кВт |
| Сау жүргізуші (max. 9000 тг. немесе 50 км)                               |              |               | 2 рет        |              | 2 рет      | 2 рет           | 2 рет     |
| Ауыстырылатын Автомобиль (3 күнге дейін)                                 |              |               | ✓            |              |            |                 | 1 рет     |
| Пойыз/ұшақ билеттері                                                     |              |               |              |              |            |                 | 1 рет     |
| Отелде/қонақ үйде тұру                                                   |              |               |              |              |            |                 | 1 рет     |
| КАСКО                                                                    |              |               |              |              | ✓          | ✓               | ✓         |

|                                                                                                     |          |       |       |    |                            |                            |                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------|-------|----|----------------------------|----------------------------|----------------------------|
|                                                                                                     |          |       |       |    | (500 мың.<br>тг. дейін)    | (1 млн. тг.<br>дейін)      | (1,5 млн.<br>тг. дейін)    |
| Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру                                                             |          |       |       |    | ✓<br>(1 млн. тг.<br>дейін) | ✓<br>(2 млн. тг.<br>дейін) | ✓<br>(3 млн. тг.<br>дейін) |
| Автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру                            |          |       |       |    | ✓<br>(1 млн. тг.<br>дейін) | ✓<br>(2 млн. тг.<br>дейін) | ✓<br>(3 млн. тг.<br>дейін) |
| <b>Автоконсьерж:</b><br>Техникалық тексеруге жазылу                                                 |          |       |       | ✓  | ✓                          | ✓                          | ✓                          |
| <b>Автоконсьерж:</b><br>Сервистік және техникалық қызмет көрсетуге жазылу                           |          |       |       | ✓  | ✓                          | ✓                          | ✓                          |
| <b>Автоконсьерж:</b><br>ЖКО кезінде шұғыл қызметтерді шақыру                                        |          |       |       | ✓  | ✓                          | ✓                          | ✓                          |
